

20 21 ж. "11" қаңтар
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 970440001962
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1997 ж. "16" сәуір



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы «21» желтоқсандағы
№341 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың ауданының білім
бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№1 Смирново орта
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Смирново ауылы

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№1 Смирново орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Коммуналдық мемлекеттік мекемесі) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – құрылтайшы) болып табылады.

Құрылтайшының орналасқан жері: 150011, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№1 Смирново орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Смирновская средняя школа №1» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Аккайынского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан орны: 150300 Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Смирново ауылы, Алексей Щербаков көшесі, 70.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланктері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша құрылтайшысы тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні:

- 1) 1–11 сыныптарда білім беру үдерісін ұйымдастыру;
- 2) оқушылардың сабақтан тыс жұмысын ұйымдастыру;
- 3) тамақтану қызметін көрсету үшін жағдай жасау;
- 4) оқушыларға дәрігерлерге дейінгі алғашқы медико-санитарлық қызмет көрсету үшін жағдай жасау;
- 5) оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін ашу мақсатында мектепте қосымша білім беру ұйымдарының жағдайын жасау.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты өскелең ұрпақты ұлттық рухани құндылықтар мен жалпы адамзаттық мәдениетті жалғау арқылы оқыту, тәрбиелеу, сондай-ақ әрбір оқушыны жеке алғанда жеке тұлға ретінде тәрбиелеу, оны жан-жақты дамыту үшін жағдай жасау.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына жету үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлға қалыптастыру мен дамытуға бағытталған білім беру бағдарламасын игеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім алушылардың ғылыми базистік негіздерін меңгеруін қамтамасыз ету;

3) білім алушылардың шығармашылық, рухани және жеке мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің берік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру;

4) азаматтық және отансүйгіштік тәрбие, өз Отанын - Қазақстан Республикасын сүю, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрлерін қадірлеу, кез келген антиконституциялық және қоғамға қарсы пиғыл көріністеріне төзімсіздік;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, мәдени-экономикалық өміріне қатысу қажет, өз құқықтарына және міндеттеріне саналы болу;

6) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктерін баулу, Қазақстан Республикасында тұратын қазақ халқының және басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлерін, тарихын зерттеу.

2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды жан-жақты дамыту және баланы тәрбилеу мен оқытуды, баларды әлеуметтік бейімдеуді ұйымдастыруда олардың ата-аналарына консультациялық-әдістемелік қолдау көрсету мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме базасында мектепке дейінгі шағын орталық құрылып, жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі шағын орталық заңды тұлға мәртебесіне ие емес және мекеменің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Мектепке дейінгі шағын орталықтың негізгі міндеттері төмендегілер болып табылады.

- 1) балалардың ерте әлеуметтендіруін қамтамасыз ету;
- 2) әр баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеруімен балаларды саналық, адами, дене шынықтыру, эстетикалық, эмоционалдық, танымдық тұрғыда дамыту;
- 3) балалардың педагогикалық қараусыз қалуын алдын алу;
- 4) балалардың денсаулығын сақтау;
- 5) балаларды бағуды, күтуді ұйымдатыру;
- 6) баланың дамуындағы ауытқушылықтарды уақытылы түзету;
- 7) ата-аналарға психологиялық-педагогикалық ағарту;

Мектепке дейінгі шағын орталықта білім беру процесін ұйымдастыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленетін және бекітілген жұмыс оқу жоспарларымен және сабақ кестесімен реттеледі.

Мектепке дейінгі шағын орталықтағы оқу-тәрбие үдерісі балаларға арналған ерекше қызмет түрлерін ескере отырып жүзеге асырылады: ойындар, құрастыру, бейнелеу, музыкалық театрландырылған әрекеттер, сондай-ақ балаға жеке көзқарасты іске асыру мүмкіндігін қарастырады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

16. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен құрылтайшысы, коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен мемлекеттік мүлік жөніндегі

уәкілетті органның, коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органының, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемені қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібі;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
- 7) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;
- 9) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Құрылтайшы келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының жүзеге асыруға бағытталған коммуналдық мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметі, еңбек міндеттерін қолдануы бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

2) коммуналдық мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхат береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мадақтау және тәртіптік жаза шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер шеңберін анықтайды;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы жүктелген, басқа функцияларды іске асырады.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

25. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкі қалыптастырылған:

1) оған меншік иесімен берілген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

26. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша бөлінген мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

27. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі облыстық бюджеттен қаржыландырады.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

30. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшы шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекеме сондай-ақ басқа да заң актілерінде көзделген негіздер бойынша таратылады.

34. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің таратылған мүліктері мемлекеттік мүліктері бойынша уәкілетті орган немесе құрылтайшымен қайта бөледі.

35. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, заңды тұлғаның мүліктерін іске асыру нәтижесінде алынған, коммуналдық мемлекеттік мекеменің таратылған қаржысы тиісті бюджеттің пайдасына жатқызылады.

9. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару тәртібі

36. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта

білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтердің стандарты» мемлекеттік қызмет стандарты. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы алты жасқа дейінгі балалар мен ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толған балалар үшін дайындық деңгейіне қарамастан білім беру ұйымының аумағында тұратын барлық балалар үшін қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

37. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау мынадай құжаттар болған жағдайда іске асырылады:

- 1) баланың ата – анасынан немесе заңды өкілдерінен өтініш;
- 2) баланың туу туралы куәлік көшірмесі;
- 3) денсаулық жағдайы туралы анықтама 026/у-3;
- 4) денсаулық жағдайы туралы анықтама № 063/у;
- 5) 3x4 көлемімен фотосурет – 2 дана.

Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына баратын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 30 тамызы аралығында жүргізіледі.

Орта білім туралы аттестат, негізгі орта білім туралы аттестат қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 қаңтардағы № 39 бұйрығына сәйкес беріледі.

Балаларды мектепке дейінгі шағын орталыққа қабылдау «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығы негізінде білім алушылар қатарына қабылданады.

39. Мектептен оқушылардың шығарылуы мүмкін:

а) директордың бұйрығымен мына жағдайларда:

- медициналық қорытынды;

- оқушының оқу пәндері бойынша академиялық үлгермеушілігі кезінде;

б) педкеңестің шешімі бойынша мына жағдайларда:

- құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, өрескел бірнеше рет мектеп жарғысын бұзған кезде және оқушылармен мен қызметкерлердің өміріне, денсаулығына, олардың мүлкіне нұқсан келтірген жағдайларда.

Оқушыны мектептен шығару туралы педкеңес шешімі мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді және 3 күндік мерзім ішінде өкілетті

органға келісімге жіберіледі.

Мектепке дейінгі шағын орталықтан балаларды шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

10. Білім беру үрдісін ұйымдастыру тәртібі

40. Оқу-тәрбие үрдісі орыс тілінде іске асырылады. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілді игеру мен дамытуды, орыс тілін сонымен қатар шет ел тілдерін оқытуды мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарына сәйкес іске асырады.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік басқару органы бекіткен оқу жұмыс бағдарламалары және оқу жұмыс жоспарлары бойынша ұйымдастырылады.

42. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сыныптағы оқушылар саны 25-тен аспайды.

43. 1-11 сынып оқушыларының сабақ тәртібі 2 ауысым, сабақтың ұзақтығы - 40 минут. Шағын орталық тәрбиеленушілердің сабақ тәртібі 1 кіші топ 8-ден 15 минутқа дейін, 2 кіші топ 15-тен 20 минутқа дейін, орта топ 20-дан 25 минутқа дейін.

44. Оқу жылының жалғасу уақыты, басталуы мен аяқталуы мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы анықтайды.

45. Коммуналдық мемлекеттік мекемені алқалық басқаруды педагогикалық және қамқоршылық кеңесі іске асырады, оларды құру тәртібі және құзырылығы, қызметі келесі нормативтік актілермен регламенттелген:

- 2008 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің м.а. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №272бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілде №355 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

46. Коммуналдық мемлекеттік мекемені мемлекеттік білім стандарты шегінде оқушылардың тереңдетілген білім алулары үшін негізгі пәндер бойынша қосымша факультатив сабақтарын ұйымдастырады.

47. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетеді.

48. Коммуналдық мемлекеттік мекеме 1–11 сынып оқушыларына патриоттық, рухани, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, дене тәрбиесі мен жеке тұлғаны дамыту мақсатында үйірме жұмыстарын ұйымдастырады.

49. Оқушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты физикалық, моральді және психикалық зорлық-зомбылық көрсету әдістерін қолдануға тыйым салынады.

50. Оқу үрдісі кезінде коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқушыларына, тәрбиеленушілерге және мектеп жұмысшыларына алғашқы дәрігерге дейінгі медико-санитарлық көмек көрсетіледі.

51. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың құрылуы мен жұмысына, оқушылар арасында қоғамдық-саяси және діни қозғалыстардың ұйымдастырылуына тыйым салынады.

11. Іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесі

52. Мекеме білім беру үрдісін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім беру үдерісі, яғни мекеменің оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік білім беру стандарттар негізінде әзірленген өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, оқу бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады және ұйымдастырылады.

12. Оқушылардың білімдерін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестация жүйесі

53. Оқушылардың білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымы оқушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оқушылардың аралық және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

54. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқушылардың ағымдақ үлгерімін бақылау, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау нысандарын (ауызша, жазбаша, тест тапсырмалары), өткізу тәртібі мен мерзімділігін өз бетінше таңдауда.

55. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ағымдық білімді бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 ж. 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес іске асырылады.

13. Білім берудің ақылы қызметтері

56. Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» 27.07.2007 ж №319-III Заңына сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекеме бюджеттік қаржы есебінен білім беру қызметтерін тегін жүргізеді.

57. Ақылы қызметтер бюджеттік қаражат есебінен қаржыланатын негізгі білім беру жұмысының орнына берілуі мүмкін емес.

58. Коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі ақылы қызметтерді ұсынуға құқылы:

1) Қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту) іске асыру;

2) Музыка аспаптарын пайдалануға беру бойынша қызметтер;

3) Энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу бойынша қызметтер;

4) Оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша қызметтер;

5) Жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету бойынша қызметтер;

6) Білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек тұрғындар арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтер;

7) Пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру бойынша қызметтер;

8) Оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру бойынша қызметтер;

9) Интернет-байланыстың қосымша қызметтері.

59. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы қызметті көрсету тәртібі: коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен оқушылар (олардың заңды өкілдері) арасында бекітілген қызмет көрсету өтемі келісім шартта анықталады.

60. Ақылы қызметтердің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

61. Ақылы қызметті, коммуналдық мемлекеттік мекеме ҚР қаржы Министрінің «Республикалық немесе жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышын бекіту туралы» 25.05.2009 жылғы №215 бұйрығына сәйкес қолданылады. Ақылы білім беру және басқа

қызметтер көрсету мекеме алатын қаражат «Ақылы қызметтердің қаражаты» ағымдағы КММ есебіне есептеледі және Қазақстан Республикасының ағымдағы заңына сәйкес қолданылады.

14. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен міндеттері

62. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі ағымдағы Заңға және БҰҰ Генералдық Ассамблеясының 44 сессиясында қабылданған бала құқығы туралы Конвенцияға сәйкес әр баланың құқығын қамтамасыз етеді.

63. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

- 1) мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім мекемесін және білім алу үлгісін таңдауға;
- 3) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 4) Қазақстан Республикасының Үкіметінде бекітілген тәртіпте оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдарымен тегін қамтамасыз ету;
- 5) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 6) өзінің бейімділігіне және қажеттілігіне сәйкес сонымен қатар қосымша ақылы негізде білім алуға;
- 7) адамның адамгершілігін, ақпарат пен арының бостандығын сыйлау, өзінің көзқарастары мен ойын еркін жеткізе алуға;
- 8) бір оқу орнынан келесі оқу орнына, бір оқу үлгісінен келесі оқу үлгісіне ауысуға және қайта қалпына келтіруге;
- 9) білім бағдарламасында қаралмаған еңбекке өз еркімен қатысуға;
- 10) кез келген қоғамдық ұйымдарға өз еркімен кіруге;
- 11) өзінің білім мекемесі жабылған кезде соған сәйкес келетін басқа білім мекемесіне ауысуға;
- 12) зорлық пен зомбылық және психикалық зәбір әдістерін қолданудан қорғануға;
- 13) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;
- 14) білім ұйымын басқаруға қатысуға.

64. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылары мен тәрбиеленушілері міндетті:

- 1) білім стандартына сәйкес білім мен дағдыларды игеруге;
- 2) өз денсаулығына қарауға, өзін физикалық және рухани жағынан дамытуға тырысу;
- 3) өздері оқитын білім мекемесінің педагогикалық жұмысшыларының ары мен адамгершілігін, мекеме дәстүрлерін сыйлауға;
- 4) басқа оқушылар мен жұмысшылардың адамгершілігін сыйлауға;
- 5) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім мекемесі Жарғысында

көрсетілген басқа да талаптарды сақтауға;

б) бірінғай мектеп формасын сақтау.

Қыздарға:

- белдемше, көк түсті жилет немесе сарафан, тізеден аспау 3 см-ден

астыру;

- ақ жейде – мерекелік, жейде бір түсті (көгілдір, сарғыш) – күнделікті;

- аяқ киім спорттық емес, туфли өкшесі 3 см биік емес

Ұлдарға:

- шалбар, кеудеше немесе жилет. Түсі: көк;

ақ жейде-мерекелік, бір түсті (көгілдір, сұр, сарғыш) – күнделікті;

- аяқ киім спорттық емес, туфли

Мемлекеттік мерекелерде – салтанатты форма (ақ жейде, көйлек);

Суық ауа-райында – жакет;

Дене шынықтыру, АӘТД, технология сабақтарында оқушылар арнайы киім және аяқ киім киеді.

Тыйым салынады:

бас киімдер (хиджаб, орамал, тақия немесе басқа діни ағымдарға қатысты киімдер) киіп келуге;

макияж, маникюр жасауға;

биік өкшелі аяқ киім;

бижутерия, салбыраған металл әшекей бұйымдарды киімге тағуға.

15. Ата-аналардың және олардың орнын ауыстырушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

65. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

66. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;

- 3) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
- 4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;
- 5) білім беру ұйымы жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 7) білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті;
- 8) мектепке уақытылы оқушы туралы қажетті ақпаратты тапсыру, оның денсаулығы туралы анықтама, жазбаша түрде сабаққа қатыспауы туралы сол күнде тапсыру.

16. Білім беру ұйымының білім алушылар, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу

67. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібін Қазақстан республикасының қолданыстағы заңнамасына жүзеге асырылады.

17. Педагогикалық жұмысшылардың құқықтары мен міндеттері

68. Педагог жұмысшыларының құқықтары мен міндеттері осы Жарғы мен ішкі мекеме тәртібі ережелерінде анықталады.
69. Коммуналдық мемлекеттік мекеме педагог жұмысшылары құқылы:
 - 1) кәсіби қызмет үшін жағдай жасай отырып, педагогикалық қызметпен айналысу;
 - 2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік - эксперименттік жұмыспен айналысу, педагогикалық практикаға жаңа әдістер мен технологияларды енгізу;
 - 3) білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтаған жағдайда кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдау;
 - 4) жеке педагогикалық қызмет;
 - 5) білім беру ұйымдарын басқарудың алқалық органдарының жұмысына қатысу;
 - 6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыру;
 - 7) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау;
 - 8) мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар және атаулы стипендиялар түріндегі педагогикалық қызметтегі табысы үшін моральдық және материалдық көтермелеу;
 - 9) ұйым әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдану;
 - 10) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау;

11) ұзақтығы күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы.

70. Педагог қызметкер міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;
2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары икемділік, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмілетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

71. Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.

72. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды басып-жасып, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тапсыруға;

2) одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;

4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді.

73. Педагогтің кәсіптік қызметіне адамдар жіберілмейді:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, психиатриялық және (немесе) наркологиялық есепте тұрған;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

74. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілдігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

18. Мекеме қызметкерлерінің штатын толықтыру тәртібі, еңбекақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері

75. Педагогтік қызметпен айналысуға тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдарға рұқсат етіледі.

76. Кәсіби педагогикалық жұмыспен айналысып жүрген тұлғалардың, алып отырған лауазымдарының сәйкес болмаған, біліктілік жетпеген жағдайларында, сонымен қатар педагогикалық жұмысты жалғастыруға сәйкестендірілмейтін құқыққа қарсы қадамдар жасаған тұлғалар Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес педагогикалық жұмыстан босатылады.

77. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді.

78. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмысшыларына ауыл аймақтарында жұмыс істейтіні үшін, сынып жетекшілік, жазба жұмыстары мен дәптерлерін тексеру, оқу кабинеттерін меңгергені,

қандары тереңдетіп оқытқаны үшін Қазақстан Республикасының Үкіметінде қаралған қосымша және басқа да төлемдер беріледі.

79. Жұмысшы арасындағы еңбек қарым-қатынасы және коммуналдық мемлекеттік мекеме еңбек келісім шартымен қалпына келтіріледі. Еңбек келісім шарты жағдайлары «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Кодексіне қайшы келмеуі керек.

УСТАВ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы» конституциялық заңының 16-бабына сәйкес қазақстан Республикасының

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы» конституциялық заңының 16-бабына сәйкес қазақстан Республикасының

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы» конституциялық заңының 16-бабына сәйкес қазақстан Республикасының

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы» конституциялық заңының 16-бабына сәйкес қазақстан Республикасының

Утверждено
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от «21» декабря 2020 года



№ 341

УСТАВ

коммунального государственного учреждения

«Смирновская средняя школа №1» коммунального государственного
учреждения «Отдел образования Аккайынского района»

коммунального государственного учреждения «Управление образования
акимата Северо-Казахстанской области»

село Смирново

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Смирновская средняя школа №1» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Аккайынского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Коммунальное государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления учебно-образовательных функций.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Учредителем коммунального государственного учреждения является коммунальное государственное учреждение «Аппарат акима Северо-Казахстанской области (далее - учредитель).

Адрес местонахождения учредителя: 150011, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Конституции Казахстана, 58.

4. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества коммунального государственного учреждения является коммунальное государственное учреждение «Отдел образования Аккайынского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

5. Наименование коммунального государственного учреждения:

на государственном языке: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№1 Смирново орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Смирновская средняя школа №1» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Аккайынского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

6. Местонахождение коммунального государственного учреждения: 150011, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, Аккайынский район, село Смирново, улица Алексея Щербакова, 70.

2. Юридический статус государственного учреждения

7. Коммунальное государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

8. Коммунальное государственное учреждение не может создавать, а

